# Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 қаңтар N 118

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Әкімшілік шығындар" 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 550307 мың теңге (бес жүз елу миллион үш жүз жеті мың теңге). <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.28. N 118v қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы , 1-30 баптар; " 2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 шілдедегі N 983 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері " туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 1668 қаулысы; "Штат санының лимитін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген қызметтерді барынша тиімді атқару үшін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық және оның аумақтық бөлімшелері аппаратының қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық және аумақтық бөлімшелер аппаратын ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с | Бағдар.ламаның коды | Кіші бағ.дар.лама.ның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарлама.лардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзі.мі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | 00 | Әкімшілік шығындар | | Бір жыл ішінде | Қазақстан Республика.сының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| | | 001 | Орталық орган аппараты | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратын 150 бірлік санында бекітілген штаттық санының лимиті шегінде ұстау <*> | | |
| | | 002 | Аумақтық органдардың аппараты | Қазақстан Республи.касы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық бөлімшелер аппараттарын 1180 бірлік санында бекі.тілген штаттық санының лимиті шегінде ұстау | | Қазақстан Республика.сының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.28. N 118v қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелген міндеттердің сапалы және уақытылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.14. N 118б қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Протездеу бойынша медициналық қызметтер көмек көрсету және протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету" 038 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 143232 мың теңге (жүз қырық үш миллион екі жүз отыз екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының N 692-XII 35-бабы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2002-2005 жылға арналған мүгедектерді оңалтудың бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 қаулысы , Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 88-Ө бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 19 мамырда N 763 тіркелген Қазақстан Республикасының халқына протез-ортопедиялық көмек көрсету тәртібі туралы нұсқаулық .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мүгедектерді қоғамға бейімдеу және біріктіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мүгедектерді оңалтудың мемлекеттік жүйесін қамтамасыз ету, оларға протез-ортопедиялық көмек көрсету жөніндегі шаралар .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------------
Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарламалардың !Бағдарламаларды (кіші! Іске ! Жауапты
/!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаларды) іске! асыру!орындаушылар
```

с!коды !дар. !лардың) атауы !асыру жөніндегі !мерзі.!
N! !лама.! ! іс-шара !мі !
! !ның ! ! ! !
! !коды ! ! ! !
------------------------------------------------------------------------
1! 2 !3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 -----------------------------------------------
- - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - - -

047 00 Протездеу бойынша Протез-ортопедиялық 2002 Қазақстан
медициналық қыз. бұйымдармен қамтама. жыл Республика.
меттер көрсету сыз ету, соның ішін. сының
және протездік- де жаңа технология Еңбек және
ортопедиялық бойынша қазіргі халықты
бұйымдармен заман протездерімен: әлеуметтік
қамтамасыз ету қол; балтыр; сан қорғау
аппараттарымен; министрлігі
ортопедиялық аяқ-
киіммен және протез.
деу бойынша медицина.
лық қызметтер көрсету.
Протезбен қамтамасыз
етілетін мүгедектердің
орташа жылдық саны
11014 адам құрайды.
------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: аяқ-қол протездерін қажет ететін мүгедектерді оңалту, протез-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.20. N 118а қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Мүгедектерді, оның ішіндегі мүгедек балаларды сурдоқұралдармен және сурдокөмекпен қамтамасыз ету" 042 республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**2002 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 91941 мың теңге (тоқсан бір миллион тоғыз жүз қырық бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы N 692-XII Заңының 35-бабы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді оңалтудың бағдарламасы туралы" 2001 жылдағы 29 желтоқсандағы N 1758 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мүгедектерді қоғамға бейімдеу және біріктіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: естімейтін мүгедектерді оңалтудың мемлекеттік жүйесін қамтамасыз ету, көмек көрсету және есту қабілетінің құралдарымен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 042 | 00 | Мүгедектерді, оның ішіндегі мүгедек балаларды сурдоқұралдармен және сурдокөмекпен қамтамасыз ету | Сурдоқұралдармен (есту аппараттарымен, телефакстермен, көп функцияналды дабыл қағатын жүйемен, дыбыс күшейткіш аппараттарымен (сымсыз оқу сыныптарымен) қамтамасыз ету және естімейтін мүгедектерге есту-протездік көмек | 2002 жылы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

көрсету. Сурдоқұрал. дармен қамтамасыз етілетін мүгедектер. дің орташа жылдық саны 6129 адам, соның ішінде мүгедек балалардың саны 1200 адам. Конкурс ұйымдастырумен байланысты іс-шаралар ---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Сурдотехникамен қамтамасыз ету және естімейтін мүгедектерді оңалту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.20. N 118а қаулысымен .
Ескерту. 4-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.14. N 118б қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Мүгедектерді, оның ішіндегі мүгедек балаларды тифлоқұралдармен қамтамасыз ету" 043 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 65046 мың теңге (алпыс бес миллион қырық алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы N 692-XII Қазақстан Республикасы Заңның 35-бабы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2002-2005 жылдарға арналған мүгедектерді оңалтудың бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мүгедектерді қоғамға бейімдеу және

біріктіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: көрмейтін мүгедектерді оңалтуды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
----------------------------------------------------------------------
Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарламалардың !Бағдарламаларды (кіші! Іске !  Жауапты
/!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаларды) іске! асыру!орындаушылар
с!коды   !дар. !лардың) атауы    !асыру жөніндегі      !мерзі.!
N!       !лама.!                 !  іс-шара            !мі    !
!        !ның  !                 !                     !      !
!        !коды !                 !                     !      !
----------------------------------------------------------------------
1!   2   !  3  !        4        !          5          !  6   !    7
----------------------------------------------------------------------
   042     00   Мүгедектерді,    Көрмейтін               2002   Қазақстан
               оның ішіндегі    Мүгедектер үшін         жыл   Республика.
               мүгедек балалар. тифломагнитоламен             сының Еңбек
               ды сурдоқұрал.   және компьютерлік             және халықты
               дармен және      тифлокешенмен қам.            әлеуметтік
               сурдокөмекпен    тамасыз ету.                  қорғау
               қамтамасыз ету   Зағип мүгедектерге,           министрлігі
                                оның ішінде мүгедек
                                балаларға арналған
                                тифлоқұралдармен саны
                                саны - 5405 дана;
                                Конкурс ұйымдастырумен
                                байланысты іс-шаралар
----------------------------------------------------------------------
```

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Көрмейтін мүгедектерді оңалту, тифлотехникамен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.20. N 118а қаулысымен.

Ескерту. 5-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.14. N 118б қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Мүгедектер мен ардагерлерді оңалту" 035 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 49790 мың теңге (қырық тоғыз миллион жеті жүз тоқсан мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы N 692-XII Заңы, 19-бап, "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: мүгедектер мен ардагерлерді оңалтуды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мүгедектер мен ардагерлердің жасын және денсаулық жағдайын ескере отырып, демалу және сауықтыру үшін тиісті жағдайлар жасау, емдеу-алдын алу іс-шараларын өткізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдар. ламаның коды | Кіші бағ. дар. лама. ның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарлама. лардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзі. мі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 035 | | Мүгедектер мен ардагерлерді оңалту | жасау, емдеу-алдын алу іс-шараларын өткізу. Санаторлық-курорттық емдеуден, сауықтыру мен оңал. тудан өтетін мүге. дектер мен ардагер. лердің орташа жылдық | 2002 жыл. дың бірін. ші тоқ. саны | Қазақстан Республика. сының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

саны - 1986 адам.
Конкурс ұйымдастырумен
байланысты іс-шаралар
-------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаның орындаудан күтілетін нәтижелер: мүгедектер мен ардагерлердің жалпы денсаулық жағдайын жақсарту және өмір ұзақтығын арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
6-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-анасына, асыраушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдер" 056 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 6000 мың теңге (алты миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-анасына, асыраушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығы , "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-анасына, асыраушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдерді жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 23 мамырдағы N 80 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-анасын, асыраушыларын, қамқоршыларын әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ақшалай төлемдерді уақытылы жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------------------

Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарламалардың !Бағдарламаларды (кіші! Іске ! Жауапты
/!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаларды) іске! асыру!орындаушылар
с!коды !дар. !лардың) атауы !асыру жөніндегі !мерзі.!
N! !лама.! ! іс-шара !мі !

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ның коды | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 056 | 00 | Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметші. лердің ата-ана. сына, асыраушы. ларына, қамқор. шыларына бері. летін біржолғы төлемдер | Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қыз. метшілердің ата-ана. сының, асыраушылары. ның, қамқоршыларының жеке шоттарына аудару арқылы ақшаны уақыты. лы төлеу. 2001 жылғы 1 шілдеге қарай бол. жалып отырған алушы. лардың саны 68 адам. | | Қазақстан Республика. сының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: әлеуметтік қолдау мақсатында қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-анасына, асыраушыларына, қамқоршыларына уақытылы төлемдерді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
7-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Өткен жылдардың міндеттерін орындау" 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 460 000 мың теңге (төрт жүз алпыс миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы N 1787 Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнеткерлікке шыққан азаматтардың алдындағы зейнетақыға үстемеақы төлеу жөніндегі мемлекеттің міндеттерін орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдар. ламаның коды | Кіші баг. дар. лама. ның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарлама. лардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзі. мі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 006 | 030 | Өткен жылдардың міндеттемелерін орындау Семей сынақ полигонын. дағы ядролық сы. нақтар салдары. нан зардап шек. кен азаматтар. дың зейнетақы. ларына үстеме. ақы | Семей ядролық сынақ полигонындағы ядро. лық сынақтар салда. рынан зардап шеккен азаматтардың зейнет. ақыларына үстеме. ақыларды толық және уақытымен төлеу. Алушылардың орташа жылдық саны - 20175 адам. | 2002 жыл | Қазақстан Республика. сының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: зейнетақыларға экологиялық үстемеақылар бойынша міндеттемелерді орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
8-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың қызметтеріне ақы төлеу" 055 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 2617673 мың теңге (екі миллиард алты жүз он жеті миллион алты жүз жетпіс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-I Заңы, 1-бап, "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық"ҒРеспубликалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 926 қаулысы , " Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың Ережесі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысы , "Қазақстан Республикасының азаматтарына Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықта әлеуметтік жеке код берудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 1342 қаулысы , Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-ө бұйрығымен бекітілген, Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда N 1432 тіркелген Орталықтан зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды және мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы Нұсқаулық .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: зейнетақы мен жәрдемақыларды төлеу бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауға байланысты қызметтерді ұсыну.

5. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: зейнетақы мен жәрдемақылардың төленуін қамтамасыз ету. Республиканың барлық азаматтарына әлеуметтік жеке код беру, міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару зейнетақы мен жәрдемақыларды алушылардың бірыңғай орталықтандырылған базасын жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
----------------------------------------------------------------------
Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарламалардың !Бағдарламаларды (кіші! Іске !  Жауапты
/!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаларды) іске! асыру!орындаушылар
с!коды   !дар. !лардың) атауы    !асыру жөніндегі      !мерзі.!
N!       !лама.!                 !   іс-шара           !мі    !
!        !ның  !                 !                     !      !
!        !коды !                 !                     !      !
```

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 055 | 00 | Зейнетақы төлеу жөніндегі мемле. кеттік орталық. тың қызметтеріне ақы төлеу | Зейнетақы төлеу жө. ніндегі мемлекеттік орталықтан: мемлекеттік әлеумет. тік жәрдемақыларды; арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды; жерлеуге арналған жәрдемақыларды, жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайы зиян және аса ауыр жұмыстарда істеген адамдарға мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды; Семей сынақ полигонында ядролық сынақтар салда. рынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақы. ларына үстемеақыларды төлеу; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау үшін зейнет. ақымен жәрдемақылар мөл. шері туралы ақпарат беру; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беру үшін істердің үлгі жобасын қалыптастыру. Зейнетақы мен жәрдем. ақыларды алушыларға, жинақтаушы зейнетақы қорларының салымшылары. | 2002 жыл | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

на ӘЖК беру. Міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару. Қазақстан Республикасы. ның Мемлекеттік кіріс министрлігін және төлеушілерді жинақтаушы зейнетақы жарналары бойынша төлемдердің жағдайы туралы ақпарат. пен қамтамасыз ету. Зейнетақымен жәрдемақы. ларды төлеуді қамтамасыз ету. - 2713154 адам, ӘЖК беру - 1280000 адам.

---------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: зейнетақы мен жәрдемақылардың толық және уақытылы төленуін қамтамасыз ету. Міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілерден жинақтаушы зейнетақы қорларына уақытылы аударуды жүзеге асыру. Салық бақылауын қамтамасыз ететін орталық уәкілетті органдарға және төлеушілерге міндетті зейнетақы жарналарының аударылуы туралы ақпарат беру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 118 қаулысына 9-қосымша

Ескерту. 9-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.20. N 118а қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Жұмыспен қамту, әлеуметтік сақтандыру және еңбек мәселелері бойынша зерттеулер және нормативтік құжаттарды әзірлеу" 036 республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 11418 мың теңге (он бір миллион төрт жүз он сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 493-I Заңы , 70-бап, " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149 Заңы , 12-бап, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы N 692-XII Заңы, 35-бап, "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау Тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 886 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның міндеті: халықты әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту және еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру үшін нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жұмыспен қамту, әлеуметтік саясат, меминспекция және еңбекті қорғау бойынша зерттеулер жүргізу және нормативтік құжаттар әзірлеу және Жұмыстар мен кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын және Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдар.ламаның коды | Кіші бағ.дар.лама.ның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарлама.лардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзі.мі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 036 | 00 | Жұмыспен қамту, әлеуметтік сақ. тандыру және ең. бек мәселелері бойынша зерт. теулер және нормативтік құ. | Жұмыспен қамту, әлеу. меттік саясат, мемин. спекция және еңбекті қорғау бойынша зерт. теулер жүргізу және нормативтік құжаттар әзірлеу. | 2002 жыл | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

жаттарды әзірлеу Жүргізілетін зерттеу.
лер мен әзірленетін
құжаттар саны 10
шартты бірлік.
52 санындағы Жұмыстар
мен кәсіптердің бірың.
ғай тарифтік-біліктi.
лік анықтамалығын
(БТБА) және Қызметші.
лер лауазымдарының
біліктілік анықтама.
лығын (БА) сатып алу.
Конкурс ұйымдастырумен
байланысты іс-шаралар

---------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: халықты әлеуметтік қорғау, еңбекке ақы төлеу, еңбекті қорғау, халықты жұмыспен қамту саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
10-қосымша

Ескерту. 4-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.20. N 118а қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Еңбекке ақы төлеу жүйесі мен халықты әлеуметтік қорғауды жетілдіру үшін мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін консультациялық қызметтермен қамтамасыз ету"**
**058 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**2002 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 16 720 мың теңге (он алты миллион жеті жүз жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 493-I Заңы, "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 886 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатындағы басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті ақпарат алу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: еңбекке ақы төлеу жүйесі мен халықты әлеуметтік қорғауды жетілдіру мәселелері бойынша консультациялық көмек алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 058 | 00 | Еңбекке ақы төлеу жүйесі мен халықты әлеуметтік қорғауды жетілдіру үшін Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін консультациялық қызметтермен қамтамасыз ету | 1. Медициналық әлеуметтік сараптама жүргізудің әдістемесі мен процедураларын жетілдіру. 2. Әлеуметтік сақтандыру, еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру үшін актуарлық және болжамды есептер жүргізу үшін әдістемелік база даярлау. 3. "Азаматтық қызмет туралы" Қазақстан Рес- | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

публикасы Заңының жобасын әзірлеу шең. берінде еңбекке ақы төлеу жүйесін жетілдіру. Жоғарыда келтірілген іс-шараларды іске асыру үшін келісімді негізде 2 шетелдік және 4 жергі. лікті кеңесшілерді тарту. Конкурс ұйымдастырумен байланысты іс-шаралар ------------------------------------------------------------------
7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:

- Еңбек ету қабілетінен айрылу деңгейі мен мүгедектік тобын белгілеудің әдістемесі мен процедураларын әзірлеу және жетілдіру;

- Әлеуметтік сақтандыру, еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкердің өмірі мен Денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйелерін енгізу және зейнетақы жүйесінің параметрлерін жетілдіру кезінде одан әрі пайдалану үшін актуарлық және болжамды есептеулер жүргізудің әдістемелік негіздерін әзірлеу;

- "Азаматтық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасының еңбекке ақы төлеуді жетілдіру бөлігінде әдістемелік негіздер әзірлеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 118 қаулысына 11-қосымша

Ескерту. 11-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.20. N 118а қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау" 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 16 393 мың теңге (он алты миллион үш жүз тоқсан үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453-1

Заңының 3, 6, 8, 9-баптары "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 1668 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік қызметшілердің еңбек, жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру, еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі және медициналық-әлеуметтік сараптама саласындағы біліктілігінің кәсіптік деңгейін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: халықты әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің еңбек, жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру, еңбекті қорғау, еңбек заңдарындағы жаңа өзгерістер, кедейлікпен күрес жөніндегі мәселелер бойынша біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

--------------------------------------------------------------------------

Р!Бағдар.!Кіші !Бағдарламалардың !Бағдарламаларды (кіші! Іске ! Жауапты
/!ламаның!бағ. !(кіші бағдарлама.!бағдарламаларды) іске! асыру!орындаушылар
с!коды !дар. !лардың) атауы !асыру жөніндегі !мерзі.!
N! !лама.! ! іс-шара !мі !
! !ның ! ! ! !
! !коды ! ! ! !

--------------------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

--------------------------------------------------------------------------

1 010 "Кадрлардың бі. 2002 Қазақстан
лiктiлiгiн артты. жыл Республика.
ру және қайта сының Еңбек
даярлау" және халықты
әлеуметтік
005 "Мемлекеттік Аудандық, қалалық қорғау
қызметшілердің еңбек, жұмыспен қамту министрлігі
біліктілігін және халықты әлеу.
арттыру" меттік қорғау бөлім.
дерінің, облыстық
басқармаларының 480
қызметкерінің білік.
тілігін арттыру
030 "Қазақстан
Республикасы Келісім негізінде

Еңбек және халықты әлеумет. тік қорғау министрлігі | жеке бағдарламалар бойынша 90 адамның біліктілігін арттыру Конкурс ұйымдастырумен мамандарын оқыту" байланысты іс-шаралар -----------------------------------------------------------------------------

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1242 қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, министрліктің аумақтық органдары мамандарының кәсіптік деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
12-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Лицензиарлар қызметін атқару" 079 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1000 мың теңге (бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында халықты зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-I Заңы, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысы , "Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі лицензиялық қызметі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 1396 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ішкі еңбек рыногын қорғауды жүзеге асыру, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі саласында лицензиарлық қызметті атқару.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке мемлекеттік бас лицензияның

бланкілерін, жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсаттары мен бланкі өнімдерін дайындау .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 079 | | Лицензиар қызметін атқару | 4000 дана лицензия бланкілерін дайындау. Шетелдік жұмыс күшін тартумен және жұмыс күшін Қазақстан Республикасының шетелге әкетумен байланысты қызметті инспекциялық зерттеу және қадағалау үшін 126 адам/күн есебінен іссапар шығындары. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қолда бар жұмыс орындарын сақтаушы және жаңа жұмыс орындарын құрушы жұмыс берушілерді ынталандыру. Шетелдік жұмыс үшін әкелуді квоталау арқылы ішкі еңбек рыногын қорғау. Жинақтаушы зейнетақы қорларының, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің басшы қызметкерлерінің біліктілік талаптарына лайықтылығын анықтау арқылы жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін бақылау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
13-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Аумақтық органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру" 200 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 12780 мың теңге (он екі миллион жеті жүз сексен мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 7 мамырдағы N 194-II Заңымен ратификацияланған " Өнеркәсіптегі және саудадағы еңбек инспекциясы туралы" Халықаралық еңбек ұйымының 1947 жылғы N 81 Конвенциясының 11-бабы, "Еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 493-I Заңының , 102, 103, 104-баптары, "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік еңбек инспекторлары зиянды өндірістік факторларды жедел анықтау жөніндегі өлшеулерді жүргізуі үшін бақылау-өлшеу құралдарын сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарлама.лардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 200 | | Аумақтық органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру. | Мынадай бақылау-өлшеу құралдарын: 32 бірлік электро. распиратор; 32 бірлік ауаны | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты

тексеру аппараты; қорғау
32 бірлік люксометр; министрлігі
32 бірлік газоана.
лизатор; 32 бірлік
барометр; 32 бірлік
спектрорадиометр;
32 бірлік шу өлшегіші;
32 бірлік вибрамометр;
32 бірлік аспирация.
лық психрометр; 32
бірлік энергия ағы.
мының тығыздығын
өлшегіш сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Зиянды өндірістік факторларды анықтау жөніндегі өлшеулерді жүргізу үшін аумақтық органдарды бақылау-өлшеу құралдарымен қамтамасыз ету. Жұмыс жағдайы зиянды жұмыстарда істейтін ұйымдардың, адамдардың консультациялық және еңбек құқықтарын қорғау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
14-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Жұмыспен қамтудың, кедейшіліктің ақпараттық базасын қоса жіберу" 500 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 38657 мың теңге (отыз сегіз миллион алты жүз елу жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы, " Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 шілдедегі N 983 қаулысы "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереже", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы "2000-2002 жылдарға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарлама туралы" N 833 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі

"2000-2002 жылдарға арналған кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" N 1164 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралары туралы" N 1685 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жұмыссыздық, кедейшілік деңгейін төмендету, республикада аз қамтамасыз етілген азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсетілуі туралы ақпаратты талдау және қорыту мақсатында еңбек рыногы бойынша мониторингты ұйымдастыруда мемлекеттік саясатты іске асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласына ақпараттық технологиялар, ақпарат өңдеу жүйесін енгізу, еңбек рыногының сұранымы мен ұсынымының мониторингін құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|  | 500 | 00 | "Жұмыспен қамту, кедейшілік ақпараттық базасын қоса жіберу" | Еңбек рыногының деректерін және халықтың кедейшілігі жөнінде ақпарат жинау, ақпараттық технологияларды, халықты жұмыспен қамту саласындағы ақпаратты өңдеу жүйесін енгізу, еңбек рыногының сұранымы мен ұсынымының мониторингін құру, республикадағы аз қамтамасыз етілген | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

азаматтар туралы, атаулы әлеуметтік көмекке жұмсалған шығыстар көлемі тура. лы ақпаратты қорытын. дылау және талдау. Шұғыл статистикалық көрсеткіштердің 126 мың бірлігі және еңбек рыногының ақпараттық базасының 604 мың бірлігі (жұмыс іздеп азаматтар кәртішкеле. рінің банкі) өңделеді және пайдаланылатын болады. Ақпарат алу жиынтығы 730 мың бірлік санында көзделіп отыр. -------------------------------------------------------
- - - - - - - - - - - - - - - - -

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: азаматтар мен жұмыс берушілер тарапынан түсетін ұсынымдар мен сұранымдардың жалпы республикалық ақпарат рыногына кіруді қамтамасыз ету, еңбек рыногының республикалық базасының негізінде аймақаралық еңбекке орналастыру мүмкіндігін іске асыру. Республикада кедейшілік мониторингін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 118 қаулысына 15-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Жұмыспен қамту, кедейшілік ақпараттық базасын дамыту" 600 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3493 мың теңге (үш миллион төрт жүз тоқсан үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Халықты жұмыспен

қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4, 6, 8, 12, 15-баптары, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы, "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереже" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 20 шілдедегі N 983 қаулысы, "Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарлама туралы" 2000 жылғы 1 маусымдағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 833 қаулысы, " Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 1164 қаулысы, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 1685 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: еңбек, жұмыспен қамту, кедейшілік саласына ақпараттық технологияларды, ақпаратты өңдеу жүйелерін енгізу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласын техникалық жабдықтау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 600 | 00 | "Жұмыспен қамту, кедейшілік ақпараттық базасын дамыту" | Аймақтық еңбек рыногын дамыту үшін 9 компьютер мен 2 басатын құрылғы, 3 лицензиялық бағдарлама сатып алу, кедейшілік жөніндегі ақпаратты қорытындылау және өңдеу. | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты қорғау министрлігі |

--------------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жұмыспен қамтудың, кедейшіліктің ақпараттық жүйесін қазіргі уақыт деңгейінде техникалық жабдықтау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
16-қосымша

Ескерту. 16-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.20. N 118а қаулысымен.
Ескерту. 16-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.14. N 118б қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың ақпараттық жүйесін дамыту" 601 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 519690 мың теңге (бес жүз он тоғыз миллион алты жүз тоқсан мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын дамытуды қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығының 1-тармағы, "Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін есепке алудың автоматтандырылған деректер банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 991 қаулысы , Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 886 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың техникалық паркін жаңарту, Қазақстан Республикасының салық төлеушілері есебінің автоматтандырылған деректер банкі бағдарламасына қатысу, әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың автоматтандырылған жүйесін құру, әлеуметтік төлем алушылардың деректер банкін (электрондық мұрағатын) қалыптастыру. <*>

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықты техникалық жабдықтау және ақпараттық жүйесін дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

--------------------------------------------------------------------------

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 601 | | "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемле. кеттік орталық. тың ақпараттық жүйесін дамыту" | Техникалық паркті жаңарту: 1 дана дизель-генера. тор, 585 дана компьютер, 585 дана үздіксіз қо. ректендіру блоктарын, 1 дана диск массивін, 16 дана принтер, 731 дана лицензиялық өнім; шығыстық материалдар: 48 дана картридж, 144 дана тонер сатып алу. Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың авто. маттандырылған жүйесін құру, әлеуметтік төлем алушылардың деректер банкін (электрондық мұрағатын) қалыптастыру - 1 дана; салық төлеушілер мен салық салу объектілері мемлекеттік тізілімін жүргізуге арналған ақпарат алмасу жөніндегі бағдарламалық өнімді әзірлеу - 1 дана. Қазақстан Республика. сының салық төлеушілері есебінің автоматтанды. | 2002 жыл | Қазақстан Республика. сының Еңбек және халықты қорғау министрлігі |

рылған деректер банкі бағдарламасына қатысу. Салық төлеушілер мен салық салу объектілер. інің мемлекеттік тізілімін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен ақпарат алмасу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 602 | Қазақстан Респуб. ликасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министр. лігін есептеу және ұйымдық техникамен қамтамасыз ету | 100 дана компьютерлер сатып алу. Конкурс ұйымдастырумен байланысты іс-шаралар | Жыл ішін. де | Қазақстан Республика. сының Еңбек және халық. ты әлеумет. тік қорғау министрлігі |

-----------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жүйесін автоматтандыру, әлеуметтік төлем алушылардың деректер банкін (электрондық мұрағатын) қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 26 қаңтардағы
N 118 қаулысына
17-қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есептеу және ұйымдық техникамен қамтамасыз ету"**
**602 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**2002 жылға арналған**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 10660 мың теңге (он миллион алты жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 493 Заңының 102, 103, 104-баптары, "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындауды және төлеуді қазіргі уақыт деңгейінде жүзеге асыру, еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін қазіргі есептеу және ұйымдық техникалық жабдықтау. < * >

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1242 қаулысымен .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдар. ламаның коды | Кіші бағдар. лама. ның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарлама. лардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 602 | | Қазақстан Республикасының Еңбек және халық. ты әлеуметтік қорғау министр. лігін есептеу және ұйымдық техникамен қамтамасыз ету | 100 дана компьютерлер сатып алу. | Жыл ішінде | Қазақстан Республика. сының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК